

Шымкент қаласы білім
басқармасы
«№ 136 жалпы орта білім
беретін мектебі»
шаруашылық жүргізу
құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны



Коммунальное
государственное предприятие
на праве хозяйственного
ведения
«Общеобразовательная
средняя
школа № 136»
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

БҰЙРЫҚ № 195/1
2025 жылғы 02 қыркүйек
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ № 195/1
02 сентябрь 2025 год
город Шымкен

«Даналық мектебін» құру туралы

Мектепте аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналарымен қарым-қатынасын күшейту, отбасы құндылықтарын дәріптеу, сондай-ақ берекелі, позитивті отбасы мәдениетін дамыту, 1-9-сынып оқушыларының құқықбұзушылыққа итермелейтін қылықтардан аулақ болуға бағыт-бағдар беру, алдын алу мақсатындағы жұмыстарды жүргізу, жан-жақты қолдау көрсету үшін ата-аналар, педагогтер, қамқоршылық кеңес мүшелері және елді мекендегі ардагерлердің қатысуымен төмендегі құрамда «Даналық мектебі» құрылсын.

№	Аты-жөні тегі	Қызметі	Мәртебесі
1	М.Умбетова	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Төрайымы
2	П.Садыбекова	Қазақ тілі мен пәні мұғалімі	Орынбасары
3	С.Закирова	Педагог-психолог	Хатшы
4	А.Қасымбек	Пед-ұйымдастырушы	Мүшесі
5	К.Бекишова	Ата-аналар комитетінің төрайымы	Мүшесі
6	Г.Исакова	Аяулым қыздар ұйымының төрайымы	Мүшесі

2. «Даналық мектебінің» іс-шаралар жоспары жасалынып, бекітілсін.
3. «Даналық мектебі» клубының қызметінің басым бағыты ата-аналар қауымымен атқарылсын.
4. Қазақстандық этнопедагогикалық тәрбиелік әлеуетін өзектендіруге бағытталған клуб секциялары ашылсын: «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Жеңге кеңесі».
5. Клубтың танымалдылығын арттыру үшін жергілікті атқарушы органдармен, басқа да үкіметтік емес ұйымдармен (ардагерлер кеңесі, ата-аналар клубтары) өкілдерін тарту шаралары жүзеге асырылсын.
6. Клуб қызметіне мониторинг жүргізу үшін клуб қызметі туралы сұрақтар мектепшілік бақылау жоспарына енгізілсін.
7. «Даналық мектебі» клубы қызметіне басшылық жасау және бақылау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры:



Л.Мырзакасымова

Бекітемін
Мектеп директоры
Л.Н. Мырзакасымова



«Ұлағат» аналар мектебінің жылдық жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Аяқтау нысаны	Жауапты адам	Орындау мерзімі
1	«Ұлағат» аналар мектебінің 2025-2026 оқу жылы бойынша жылдық жоспарын құру, бекіту	Жоспар бекіту	ДТЖЖО М.Умбетова Аналар мектебі төрайымы	тамыз
2	«Берік отбасы – берік мемлекет» аналар кеңесінің I отырысы	хаттама	ДТЖЖО М.Умбетова Аналар мектебі төрайымы	қыркүйек
3	«Мәңгілік ел ананың жүрегінде» ата-аналармен дөңгелек үстел	анықтама	Аналар мектебі төрайымы	қазан
4	«Ана – медиатор» әңгіме сағат	анықтама	Аналар мектебі төрайымы	қазан
5	«Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» дөңгелек үстел	анықтама	Аналар мектебі төрайымы	қараша
6	«Қызым-қызғалдағым» өнеге сағаты	анықтама	Аналар мектебі төрайымы	қараша

7	«Қыз бала ұлттың ұяты-халықтың шырайы» аналар кеңесінің II отырысы	хаттама	Аналар мектебі төрайымы	желтоқсан
8	«Ұлттық тағамдар» шеруі	анықтама	Аналар мектебінің төрайымы	желтоқсан
9	«Отбасы алтын-дiңгек» дөңгелек үстел	анықтама	Аналар мектебі төрайымы	қаңтар
10	«Отбасылық тәрбиенің ерекшеліктері» аналар кеңесінің III отырысы	хаттама	Аналар мектебі төрайымы	қаңтар
11	«Бала тәрбиесіндегі ата ананың рөлі және мектеппен байланысы» ата аналармен дөңгелек үстел	анықтама	Аналар мектебі төрайымы	ақпан
12	«Қызғалдақ-ару, қамқор ана» аналар және қыздар сайысы	анықтама	Аналар мектебі төрайымы	сәуір
13	«Отбасындағы қыз бала тәрбиесі» аналар кеңесінің IV отырысы	хаттама	Аналар мектебі төрайымы	мамыр
14	«Ұлағат» аналар мектебінің қорытынды есебі		ДТЖЖО М.Умбетова Аналар мектебі төрайымы	маусым

ДТЖЖО



М.С.Умбетова

**«№136 жалпы білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны**

**«Даналық мектебі» бойынша атқарылатын
жұмыс жоспары**

2025-2026 оқу жылы

«ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ» КЛУБЫ

«Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Клуб – бұл жұмыстың ең қолайлы формасы, өйткені ол қатысушылардың теңдігі тұрғысынан жұмысты қамтамасыз етеді және ата-аналар үшін даму ортасын құрудағы әлеуметтік тәсілдің артықшылықтарын барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Өзінің қызмет форматына сәйкес «Даналық мектебі» клубы білім беру ұйымының нақты қажеттіліктерін және ата-аналар қоғамы өкілдерінің өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесімен бөлісуге дайындығын ескере отырып, ерікті негізде құрылады.

«Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

Клубтың міндеттері:

- аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;
- ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;
- өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.

«Даналық мектебі» клубының қызметінен күтілетін нәтиже: позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану.

Клуб отырыстарының тақырыбын айқындау кезінде Қазақстанның мәдени бірегейлігін сақтау және дамыту мақсатында міндетті түрде қазақ халқының құндылықтары мен дәстүрлеріне сүйену қажет. Сонымен қатар, Қазақстанда тұратын басқа этностардың мұрасын ескере отырып, клуб қатысушыларының кездесулерінің тақырыбы мен мазмұнын мүмкіндігінше байыту ұсынылады.

Осыған байланысты мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясында сөйлеген сөзінен маңызды тезисті еске алған жөн: «Саналуандықтағы бірлік – бұл ұлттық бірлікті сақтау мен нығайтудың іргелі қағидаты. Біз бұл қағиданы болашақта да ұстануымыз керек».

«Даналық мектебі» клубының қызметінің басым бағыты ата-аналар қауымымен жұмыс болып табылады. Клуб мектептің нақты сұраныстары мен талаптарына сәйкес «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі» секцияларын ұйымдастыру арқылы қазақстандық этнопедагогиканың тәрбиелік әлеуетін өзектендіруге арналған

Әрбір қызмет бағытының орасан зор педагогикалық әлеуетін ескере отырып, әрбір білім беру ұйымында клубтың барлық 4 секциясын ашу ұсынылады: «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі». Алайда, бұл жұмыс ресурстардың жинақталуына, аға буындардың бастамашыл және ресурстық өкілдерін іріктеуге және қажетті ұйымдастырушылық жағдайлар жасауға қарай жоспарлы, кезең-кезеңмен жүргізілуі тиіс.

Сарапшылар клуб аясында қарастырылуы мүмкін этнопедагогика мәселелерінің мазмұнында белгілі бір бағытты қарастыруды ұсынады. Клуб секцияларына арналған іс-шаралардың үлгілік тақырыптары төменде берілген.

«Ата өсиеті»:

- Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер
- Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет

«Әже даналығы»:

- Ертегі – танымның көзі
- Ырым-тыйым – әдептілік негізі

«Аға қаморлығы»:

- Ағасы бардың – жағасы бар
- Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі

«Женге кеңесі»:

- Қыз ғұмырдың құпиялары
- Қыздар білуге тиіс...

«Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастыруға білім беру ұйымының директоры жауапты. Жұмыстың тікелей кураторы директордың тәрбие жөніндегі орынбасары болып табылады. Қамқоршылық кеңес клуб қызметіне жан-жақты қолдау көрсетеді.

Клуб аясында ұсынылатын жұмыс түрлері: интерактивті дәрістер; әңгімелер, тақырыптық пікірталастар; қызықты адамдармен кездесулер; бейнематериалдарды қарау және талқылау; шығармашылық кештер және т. б.

«Даналық мектебі» клубының жоспары мен жұмыс кестесін мектеп директоры бекітеді. «Даналық мектебі» клубы аясындағы кездесулердің жиілігі әрбір білім беру ұйымының ата-аналар қауымының сұраныстарына сәйкес айқындалады.

Клуб қызметіндегі сабақтастықты қамтамасыз ету үшін клуб мүшелерінің азды-көпті тұрақты құрамы жұмыс істегені жөн. Сонымен қатар, клуб шеңберіндегі отырыстар мен кездесулердің әртүрлі тақырыптары үнемі жаңа қатысушыларды тартуға ықпал ететіні анық.

Клубтың танымалдылығын арттыру үшін бірқатар міндетті шарттарды қамтамасыз ету қажет деп санаймыз:

- отырыстарды сапалы өткізу;
- аға буынның белсенді және ресурстық өкілдерін тарту;
- жобаны іске қосу алдында ақпараттық науқанды, оның ішінде ауданда, қалада, ауылда жалпы ынталандырушы іс-шараны өткізу;
- ата-аналардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
- жергілікті атқарушы органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен серіктестік (Ардагерлер кеңесі, белсенді ұзақ өмір орталықтары және т.б.), басқа ата-аналар клубтарының өкілдерін тарту.

Клубтың қызметіне мониторинг жүргізу, жекелеген отырыстар мен кездесулерді өткізу сапасын айқындау үшін мыналарды ескеру қажет:

- клуб қызметі туралы сұрақтарды мектепшілік бақылау жоспарына енгізу;
- қатысушылардың қанағаттану деңгейін анықтау үшін тұрақты сауалнамалар жүргізу.

Клубтың қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде келесі форматтар арқылы кеңінен жариялануы керек:


- тікелей эфирлер;
- сұхбат;
- есеп беру;
- маңызды оқиғалар туралы хабарландырулар;
- пікір алмасу.

Еліміздегі білім беру ұйымдарының клубтық бірлестіктері іс-шараларының үздік сценарийлері Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының цифрлық платформасында жарияланатын болады.



«Даналық мектебі» бойынша өткізілетін сабақтардың тақырыптары

№	Тақырыптар	Өтетін уақыты	Жауаптылар
Аталар мектебі			
1	Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер	Қыркүйек	Б.Ибрагимов
2	Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет	Қазан	С.Пияшеев
Әжелер мектебі			
3	Ертегі – танымның көзі	Қараша	З.Медетбек
4	Ырым-тыйым – әдептілік негізі	Желтоқсан	А.Дүйсенбиева
Аға мектебі			
5	Ағасы бардың – жағасы бар	Қаңтар	М.Джунисов
6	Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі	Ақпан	А.Каримсаков
Жеңге мектебі			
7	Қыз ғұмырдың құпиялары	Наурыз	Б.Нуржигитова
8	Қыздар білуге тиіс...(тұрмыстық қажеттіліктер)	Сәуір	А.Рахымбердиева

ДТЖЖО  Б.Ибрагимов
 М.Умбетова



«Бекітемін»
Мектеп директоры
Д.Н.Мырзақасымова

«№136жалпы орта білім беретін мектебі» әкелер мектебінің жылдық жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы

№	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты	Мерзімі
1	Әкелер кеңесінің отырысы. Жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.	Жоспарды бекіту	ДТЖЖО Б.Ибрагимов Әкелер кеңесі	Қыркүйек
2	Әкелер кеңесінің мәжілісін өткізу	Жиналыс, хаттама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов Хатшы А.Каримсаков	Токсанына 1 рет
3	Оқушаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша әкімшілік жиналыстарға қатысу	Анықтама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов Әкелер кеңесі мүшелері	Үнемі
4	Кешкі уақытта мектептің шағын аудандарында мұғалімдермен бірлескен рейдтер жүргізу	Акт	ДТЖЖО Б.Ибрагимов Әкелер кеңесі мүшелері	Кесте бойынша
5	Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру рейдтері	Акт	ДТЖЖО Б.Ибрагимов Әкелер кеңесі мүшелері	Айына 1 рет
6	«Жайсыз» отбасыларды; мектепшілік есепте тұрған оқушылармен құқық бұзушылықтардың алдын-алу жөніндегі әңгімелер жүргізу	анықтама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов Әкелер кеңесі мүшелері	Жыл бойы
7	«Әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» сынып сағаты (орта буын)	Жоспар, анықтама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов Сынып жетекшілер Әкелер кеңесі мүшелері	Қазан
8	«Әке- отбасы тірегі» аудандық семинар-кеңес	Жоспар, анықтама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов Әкелер кеңесі	Қазан

9	«Әке жолы - ұрпағына мақтаныш» видеороликтер байқауы	Хаттама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов Әкелер кеңесі Сынып жетекшілер	Қараша
10	«Әкешім менің мақтанышым!» сынып сағаты	Жоспар, анықтама	Сынып жетекшілер	Желтоқсан
11	«Әкеме ақ тілек» челлендж	Анықтама	Педагог ұйымдастырушы А.Қасымбек Сынып жетекшілер Әкелер кеңесі мүшелері	Желтоқсан
12	«Бала тәрбиесіндегі әке ролі»	Анықтама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов Сынып жетекшілер Әкелер кеңесі мүшелері	Қазан
13	«Әке - алтын дінгек»	Анықтама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов Сынып жетекшілер Әкелер кеңесі мүшелері	Ақпан
14	«Мақал-мәтелдер айтып бауырсақ ал»	Анықтама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов Әкелер кеңесі мүшелері	Наурыз
15	Оқушылардың жазғы демалысында бос уақытын дұрыс ұйымдастыруына бағыт-бағдар жолдары	Анықтама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов Әкелер кеңесі мүшелері	Мамыр
16	Аудандық білім бөліміне жартыжылдық және жылдық бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпарат өткізу	Анықтама	Мектеп әкімшілігі Әкелер кеңесі мүшелері	Желтоқсан, мамыр

ДТЖЖО  Б.Ибрагимов

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Дөңгелек үстел

**Тақырыбы: Бабалар дәстүрі ұрпаққа
өсиет.**

Пәні: география

Пән мұғалімі : Иияшов С.Ә

Сыныбы: 9 «Ә»

Жоспар.

23.10.2025ж. күні « №136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында **«Адал азамат»** бағдарламасының Аталар мектебінің қазан айының жоспарына сәйкес 9 Ә сыныбына **«Бабалар дәстүрі ұрпаққа өсиет»** атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды

Дөңгелек үстел мақсаты

- Оқушыларға қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының мәнін ұғындыру;
- Ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, ата-баба дәстүрін жалғастыруға тәрбиелеу;
- Оқушылардың бойында ұлттық сана мен рухани патриотизм сезімін қалыптастыру

Күтілетін нәтиже

- Оқушылар дәстүрдің маңызын түсінеді;
- Халық мұрасына деген қызығушылығы артады;
- Өз ойын еркін жеткізуге дағдыланады.

Ұйымдастырылған дөңгелек үстелге шақырылған қонақтар: ДТЖЖО Б.А.Ибрагимов, қазақ тілі пәні мұғалімі А.Ә.Берденов, тарих пәні мұғалімі Е.С.Бекетаев

Осы дөңгелек үстелдің тақырыбы бойынша арнай видеоролик көрсетіліп ұмыт болып бара жатқан дәстүрлермен танысты.

Ұйымдастырушы мен география пәні мұғалімі Пияшов С.Ә осы тақырып бойынша баяндама оқыдым;

Өнер мен мәдениет, дін мен тіл, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға сай ұлт құндылықтарын кеңінен насихаттап, болашақ ұрпаққасалт дәстүрдің не екенін дәріптеу.

Атап айтсақ, мұнда бекітілген жылдық іс-жоспар бойынша мектепте сыныптан тыс тәрбие сағаттарында «Ардагерлерді ардақтайық», «Халықтың бірлігі – береке бастауы»,» Ата – баба дәстүрі – ұрпаққа аманат», «Ата – баба дәстүрі - ұрпаққа аманат» тағы басқа да игі бастамалар қолға алынуда.Бастама жасөспірімдер санасына халқымыздың баға жетпес асыл қазыналарын қайта жаңғыртып, ұлылардан қалған ұлағатты сөздерді ұғындыру арқылы олардың бойына ізгі адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруды мақсат еткен. Іс-шараның мақсаты келер ұрпаққа салт-дәстүрдің не екенін үйрету. Салт –дәстүрді,әдет ғұрыпты сақтау,қазақтың салт-дәстүріне не жататынын түсіндірілді. Халқымызда: «Қарты бар ел – қазыналы», «Ақсақалы сиреген ауылдан ар-иман қашады» деген қанатты сөздер бар. Қаймағы бұзылмаған қазақы ғұрып тұрғысынан қарар болсақ, ата-әженің қоғамдағы рөлі өлшеусіз. Олар – ауылдың ұйытқысы, отбасы мен ошақ-қасының берекесі. Жүгенсіз кеткен жастарды жөнге салып, ыдыс-аяғы сылдырлаған шаңырақты қайта түзеуші, ренжіскен ағайынды татуластырып, ел-жұрттың бүтіндігін сақтаушы. Ата-әже – ұрпақ тәрбиешісі ғана емес, отбасындағы барлық берекелі істің бастауы, жақсылықтың ұйытқысы болып табылады. Тәрбие ісіне үлкен кісілер араласқан жерде түсініспеушілік деген орын алмайды. Қариялар – ұлттың ұлт болып қалыптасуына, салт-дәстүрдің сақталуына, жас ұрпақтың дұрыс бағыт-





Шымкент қаласы білім
басқармасы
**«№ 136 жалпы орта білім
беретін мектебі»**
шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное
предприятие на праве
хозяйственного ведения
**«Общеобразовательная средняя
школа № 136»**
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

Анықтама

Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты “№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында 2025 жылдың 30 қыркүйегінде «Адал азамат біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» тақырыбында жиналыс өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының “Жеті ата” дәстүрінің мәні мен маңызын түсіндіру, ата-тек шежіресін білу арқылы ұлттық тәрбиені дамыту, туыстық қарым-қатынасты құрметтеу, отбасылық құндылықтарды дәріптеу. Сонымен қатар жеті жұрт ұғымын таныстырып, әр халықпен тату-тәтті өмір сүру, көпұлтты қоғамда сыйластық пен ынтымақты нығайтуға тәрбиелеу.

Анықтамашы:  А.Е.Әкімжан

